



Шілікті қорымы



Ә.Т. Төлеубаев



Шілікті жазығы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының аумағында орналасқан. Ұзындығы – 80, ені – 30 шақырым осы кең жазықты оңтүстігінде Тарбағатай, шығысында Сауыр-Сайқан, солтүстігінде Маңырақ таулары қоршап жатыр. Шілікті даласында көне мәдениеттің аса бір өркендеген уақыты б.з.д. I-мың- жылдыққа сәйкес келеді. Бұл кезде Шілікті даласын сақ тайпалары мекендеген. Шілікті даласында сақ-үйсін дәуірінің екі жүзден астам ескерткіштері бар. Олардың елу шақтысы патша және ақсүйек обалары Шілікті алқабы — кең жазықта орналасқан. Алқаптың солтүстігін тұтастай иіле оңтүстік-шығысқа қарай сәл бұрыла Маңырақ таулары көмкерген. Ескі тарихи жылдардағы Қозы Маңырақ, Қой Маңырақ таулары — осылар. Шоқтығы биік Сауыртау алқаптың солтүстік шығыс бұрышын түзеген. Биіктігі — 2716 м. Шақпақтас бүкіл өлкедегі ең биік шың. Жүрек тауы оңтүстік-шығыс бөлігін құрайды. Шілікті алқабының көлемі: батыстан шығысқа қарай — 80, солтүстіктен оңтүстікке қарай - 30 шақырымдай. Теңіз деңгейінен биіктігі — 1100 м. Оңтүстік бөлігі тарыла түседі. Төрт жағынан тау қоршаған, желі үнемі соғатын теп-тегіс үлкен алқап. Тау аралығындағы аңғарларда балшық топырақты (соның ішінде сары топырақты), сондай-ақ қиыршық ұсақ тас аралас балшық топырақты және ұсақ тас пен құм аралас, саз батпақты және сортаң болып келеді.



ШІЛІКТІ №1 ҚОРҒАН НЕМЕСЕ "БӘЙГЕТӨБЕ" ОБАСЫНЫҢ ТАС ҮЙІНДСІНІҢ КӨРІНІС



ШІЛІКТІ №1 ҚОРЫМЫНЫҢ СОЛТҮСТІКТЕН ТҮСІРІЛГЕН КӨРІНІСІ



Шіліктідегі нөмірі 5-ші қорғаннан табылған тарихи жәдігерлер Ресей Федерациясының Мемлекеттік қорында сақтаулы тұр. Археологтарға жеткен мүліктен тәптіштеп тізімдеген С.Черников барлығы 524 алтын зат тіркеді. Үш жүзден астамы, алайда, ұсақ тесікшелер (бисер) және кейбір зат сынықтары мен фрагменттері болған. Аң бейнелі стильмен жасалған көлемді алтын әшекейлер – 59 (29 - қабылан, 14- бұғы, 9 – бүркіт, 5 - қабан, 1 – балық, 1 - құс). Олардың қатарына 13 қола жебенің ұшын жатқызуға болады. Зерттеушілер қорамсақтың қалыңдығына қарап, оның бұғының немесе жылқының терісінен жасалғанын анықтады. Осы қазба жұмыстарын жүргізген С.Черников бұл қорамсақ жерлеу салтына сай арнайы жасалған деген тоқтамға келген.



□ Ал, 3-ші Шілікті қорымындағы Бәйгетөбе обасынан барлығы 4303 дана алтын жәдігерлер табылған. Оның 153 данасы мәліннің маскасы бейнесінде, 36 данасы бүркіт-самұрұқ, 20 данасы бұғылар, 39 данасы қасқыр (ая) түрінде, бір түйме-қаптырма бесжұлдыз, бір қаптырма арқар бейнесінде. Сонымен қатар 23 дана қоңырауша түріндегі, 63 дана кеңірдекше түріндегі, 17 дана алтын тілікше, 7 дана алтын сым, 141 дана жартышар сияқты салпыншақтар, 2835 дана миниатюралық құлақшалы, кесеге ұқсас салпыншақтар, 223 ұсақ кеңірдекше тізбе, 743 шығыршық тізбе және бір дана кішкене қапсырма шеге табылды. Скиф-сібір әлемінен қалған ескерткіштердің ішінде ең сирек кездесетін, жұмбақтау бұйым – мүйізбен жиектелген жұлдыз тәрізді алтын қапсырма. Оның астарында киімге тігуге арналған мықты бауы бар.



Шілікті қорымында барлығы 51 оба бар, оның бәрі де алып немесе орташа қорғандар. Алып қорғандардың диаметрі 100 метр, биіктігі 8 - 10 метр. Мұндай обаның саны - 13. Орташа обалардың шеңберінің диаметрі 20 метрден 60 метрге жетеді, биіктігі 2 - 5 м. Қорған ертеректе қатты тоналған. Бірақ кейбіреулерінде зергер бұйымдар сақталған. Соның бірі 1960 жылы қазылған "Алтын қорған" деген оба. Обаны үйерден бұрын қабір шұңқыры қазылған. Оның орта шенінен шығыстан батысқа қарай бағытталған дәліз (дромос) жасаған, оның ені 2 метр, ұзындығы 12 метр. Қабір шұңқырының ішінен қабырғалары 5м жуық балқарағай бөренелерінен қабір үйін салған, биіктігі 1 м. Айналасына - тас толтырылған. Дәліздің қабырғасын таспен қалап, төбесін бөренемен жапқан. Бөренеден салынған қабір үйіне еркек пен әйел жерленген. Моланың жердің бетіндегі бөлігі таспен үйілген. Сонымен қатар обадан 13 кола жебе, жебе салатын қорамсақтың қалдығы табылды. Жебелер екі қырлы, ұңғылы. Қорамсақтың сыртына алтыннан жасалған бұғы мүсінді бірнеше әшекей қапсырма жапсырылған. Қабірден 9 бүркіт, 29 қабылан, қабан, балық, т.б. бейнелер қазылды. Алтын бедерлі мүсіндер ғажайып шеберлікпен көркем жасалған. Бұл обалардың салынған уақыты б.з.б. 7-6 ғасыларға жатады.





Шіліктен табылған барлық қазбалар немесе оның ішіндегі айрықша жәдігерлердің бірі Бәйгетөбеден табылған 3300 алтын зат. Оның ішінде арқар, барыс, таутеке, бүркіт грифон, қонжық, қасқыр, осындай бір 7-8 түрлі аң пішінді заттар, одан кейін бесжұлдыз.

Бесжұлдыз – ең көне символ, сақтар дәуірінен де көп уақыт бұрын болған. Бесжұлдыздың түпкі сематикасы, ішкі мәні екі қолын екі жаққа жіберіп талтайып тұрған адамның бейнесінен кеп шығады. Мұны ғылымда біз «символ всемогущего человека» дейміз. Адамның керемет қасиетін, артықша қабілетін білдіретін дүние. Бұл он сегіз мың ғаламды жаратқан құдайдың бір мақұлығы, табиғат әлемді билеуші деген мағынаны да білдіреді.

□ Шілікті жазығында жүргізілген бір ғасырдан астам археологиялық зерттеулер нәтижесінде көптеген құнды мәліметтер мен жәдігерлер жинақталды. Деректердің сан түрлі болуы мен бірге ерте сақ дәуірінен бастап дамыған орта ғасырлар кезеңіне дейінгі уақытты қамтитын деректермен толықты.



